

**МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы
2025–2026 оқу жылына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында
Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылған ертеңгілік іс-шараға**

АНЫҚТАМА

Қазақ халқының отбасылық құндылықтарын дәріптеу, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының «Балапан» ортаңғы қазақ тобында Аналар мерекесіне арналған мерекелік ертеңгілік өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балаларға ананың қоғамдағы және отбасы өміріндегі ерекше орнын түсіндіру, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту.

Ертеңгілік барысында балалар аналарға арналған тақпақтарын мәнерлеп оқып, ән айтып, би биледі. Сонымен қатар ана мен бала арасында қызықты ойындар мен эстафеталар ұйымдастырылды. Ата-аналар балаларымен бірге түрлі шығармашылық тапсырмаларға қатысып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Балалардың өнері мен ата-аналардың белсенділігі мерекенің мазмұнын байыта түсті.

Іс-шара жылы әрі әсерлі атмосферада өтті. Аналар балалардың шынайы ықыласы мен өнеріне ризашылықтарын білдіріп, ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізді. Ертеңгілік барысында балалардың сахна мәдениеті, өз ойын еркін жеткізуі және мерекелік көңіл күйі айқын байқалды.

Мерекелік іс-шара өз мақсатына жетіп, отбасы құндылықтарын нығайтуға, анаға деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етті.



